

«Бекітемін»

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы

МКҚК-нің меңгерушісі:

З.Б.Нугманова

« 05 » 2026 ЖЫЛ



Тексерілді:

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы

МКҚК-нің әдіскері:

А.Е.Каюпова А.Е.Каюпова

« 05 » 2026 ЖЫЛ

**“БАЛАПАН” АРАЛАС ТОБЫНА (ЕРТЕ ЖАС ЖӘНЕ КІШІ ТОП) АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ
САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНІҢ
МУЗЫКА ҰІӘ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2025 - 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА**

**2025 - 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ «БАЛАПАН» АРАЛАС ТОБЫНА (ЕРТЕ ЖАС ЖӘНЕ КІШІ ТОПҚА) АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНІҢ
МУЗЫКА ҮІӘ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Маусым				
Міндеті		Балалардың музыкалық әсерлерін байыту, әуен сипатын (көңілді, баяу) сезінуге баулу. Қарапайым еліктеу қимылдары мен дыбыс қайталау арқылы сөйлеу және қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Денсаулық сақтау технологиялары арқылы балалардың эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз ету.		
	Тақырыбы	Мақсаты	Сауықтыру шаралары	Мерзімі
1	Көңілді – көңілсіз	Музыканың көңілді (күн) және көңілсіз (бұлт) сипатын, қарқынын тындап ажыратуға үйрету. Музыкаға сәйкес бет-әлпет мимикасын, эмоцияны білдіру қабілетін дамыту. Музыка арқылы бір-біріне жағымды көңіл-күй сыйлауға тәрбиелеу.	Психогимнастика: «Күн мен бұлт» (бет-әлпет бұлшықеттерін дамыту, мимика арқылы эмоцияны көрсету).	03.06.2026ж
2	Қане, қызық ойын бар	Әуенді ықыласпен тындауға, тәрбиешіге еліктеп қарапайым би қимылдарын (шапалақ, топ-топ) жасауға үйрету. Ырғақ сезімін және таныс әндердің соңғы сөздерін қосылып айту (дыбыстау) дағдыларын дамыту. Қимылды ойындар арқылы ұйымшылдыққа, шаттық сезіміне тәрбиелеу.	Логоритмикалық ойын: «Шапалақта, қолдарым» (қол шапалақтау, аяқ топылдату арқылы ырғақты сезіну және қан айналымын жақсарту).	10.06.2026ж
3	Су – табиғат байлығы	Ән әуені мен суды шашырату дыбыстары арқылы судың табиғаттағы маңызы туралы қарапайым түсінік беру. Есту қабілетін, саусақ моторикасын және дұрыс дем алу (тыныс алу) жүйесін дамыту. Суды үнемдеуге, тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	Тыныс алу жаттығуы: «Желпуіш және жел» (өкпе жұмысын дамыту). Саусақ ойыны: «Жаңбыр тамшылары» (саусақтарды кезекпен қимылдату).	17.06.2026ж
4	Жемістердің пайдасы	Дәрумендердің және жемістердің адам денсаулығына пайдасы туралы түсіндіру. Жемістер туралы қарапайым әңгімелер мен әндер арқылы олардың пайдасы туралы түсінік беру. Ән айтуға деген қызығушылығын ояту, қысқа сөздерді қайталату. Денсаулықты күтуге, тазалыққа тәрбиелеу.	Саусақ ойыны (ұсақ моторика): «Біз себетке жинаймыз» (саусақтарды кезекпен бұғу арқылы ми белсенділігі мен қол бұлшықеттерін дамыту).	24.06.2026ж
Шілде				

Міндеті		Балаларды музыканы қызығушылықпен тыңдауға, ән мен әуендегі кейіпкерлерді тануға үйрету. Музыканы көңіл күйімен қабылдап, есте сақтау дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын (қол шапалақтау, қолды айналдыру, аяқты топылдату, жүрелеп отыру, денені бұру) орындауға баулу. Жазғы сауықтыру шаралары арқылы балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру, денсаулығын нығайту және көтеріңкі көңіл күй қалыптастыру.		
	Тақырыбы	Мақсаты	Сауықтыру шаралары	Мерзімі
1	Құстар дауысы	Балаларға құстар туралы қарапайым мағлұмат беру. Музыканы тыңдау арқылы жуан (үлкен құс) және жіңішке (кішкентай балапан) дыбыстарды ажыратуға үйрету. Тәрбиешіге еліктеп, әнді көңілді, ашық дауыспен, сөз соңын созып айтуға баулу. Құстарға қамқорлық жасауға, мейірімділікке тәрбиелеу.	Дыбыстық және тыныс алу гимнастикасы: «Шик-шиқ, шикылда» (құстардың дыбысына еліктеу арқылы дауыс сіңірлерін бекіту, өкпе жұмысын жақсарту).	01.07.2026ж.
2	Менің добым	Допты қолдана отырып, әуенмен бірге қарапайым қимылдарды (отырып-тұру, допты жоғары көтеру) орындауды үйрету. Кеңістікті бағдарлау, қол-аяқ бұлшықеттерінің үйлесімділігін (координация) дамыту. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, ойынға белсенді қатысуға тәрбиелеу.	Музыкалық-ритмикалық ойын: «Допты домалат» (арқа, қол бұлшықеттерін бекіту, ептілікке баулу).	08.07.2026ж.
3	Көңілді би	Музыкалық шығарманы эмоционалды қабылдауға және көңілді сипатын сезінуге үйрету. Көңілді әуенге сай тәрбиешіге еліктеп, шеңберде қарапайым би қимылдарын (қолды айналдыру, шапалақтау) орындауды үйрету. Сүйемелдеумен бірге әннің соңғы сөздерін қосылып айтуға баулу. Балаларды қозғалыс белсенділігі мен шаттық сезіміне тәрбиелеу.	Логоритмикалық би-ойын: «Шапалақ және топылдақ» (ырғақты сезіну, аяқ пен қол бұлшықеттерінің қан айналымын жақсарту).	15.07.2026ж.
4	Қызыл, жасыл, көк шарлар	Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл-күйін тыңдап ажыратуға үйрету. Тәрбиешінің жетекшілігімен қолдарына шар (немесе түсті доптар) ұстап, әуен ырғағына сай қарапайым би қимылдарын (жоғары созылу, шарды көрсету) жасауға баулу. Педагогпен бірге қосылып, жеңіл әндетуге үйрету. Ұйымшылдыққа, түстерді ажыратуға тәрбиелеу.	Түзету гимнастикасы: «Шар үрлейміз» (терең дем алып, ішті сыртқа шығару, сосын демді баяу шығару арқылы дұрыс тыныс алуды қалыптастыру).	22.07.2026ж
5	Бала, бала, балақан	Балалардың өз дене мүшелерін тануына мүмкіндік беру, әнді бір қалыпты, табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Музыка ырғағына сәйкес жүрелеп отыру, қолдарды сермеу қимылдарын дағдыландыру. Өз-өзіне қызмет етуге, сергек және ұйымшыл болуға тәрбиелеу.	Түзету гимнастикасы: «Бойымызды өсірейік» (жүрелеп отырып, қайта тік тұру арқылы буындар мен омыртқаны шынықтыру).	29.07.2026ж

Тамыз

Міндеті		<p>Әннің мағынасын түсінуге, жоғары-төмен дыбыстарды, құстар мен жануарлар дауысын ажыратуға үйрету. Педагогтің дауыс ырғағына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосылып айту (подпевание) дағдысын бекіту. Жазғы сауықтыру элементтері арқылы балалардың тыныс алу жолдарын шынықтыру, артикуляциясын дамыту және жағымды эмоция қалыптастыру</p>		
	Тақырыбы	Міндеті	Сауықтыру шаралары	Мерзімі
1	Жемістердің пайдасы	Дәрумендердің және жемістердің адам денсаулығына пайдасы туралы түсіндіру. Жемістер туралы қарапайым әңгімелер мен әндер арқылы олардың пайдасы туралы түсінік беру. Ән айтуға деген қызығушылығын ояту, қысқа сөздерді қайталату. Денсаулықты күтуге, тазалыққа тәрбиелеу.	Саусақ ойыны (ұсақ моторика): «Біз себетке жинаймыз» (саусақтарды кезекпен бұғу арқылы ми белсенділігі мен қол бұлшықеттерін дамыту).	05.08.2026ж
2	Ғажайып сылдырмақтар	Музыкалық шығарманы соңына дейін мұқият тыңдауға, таныс әуендерді ажыратуға үйрету. Сылдырмақ аспабымен жұмыс істеу арқылы тембрлік есту қабілетін дамыту. Әнді жеңіл, айқайламай әндетіп айту дағдысын қалыптастыру. Аспаптарды ұқыпты ұстауға және бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.	Шулы оркестр және моторика: «Сылдырмақтар әуені» (сылдырмақты оң және сол қолмен кезекпен сілкіу арқылы ұсақ моторика мен координацияны дамыту).	12.08.2026ж
3	Әже тілегі	Ән мен күйді тыңдап, оның мейірімді, баяу мазмұнына эмоционалды жауап қайтаруға үйрету. Музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, соңғы сөздерін әуенге келтіріп айтуға баулу. Тәрбиешімен бірге басты оңға-солға ию, денені бұру сияқты аялы қимылдарды жасауды үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге және мейірімділікке тәрбиелеу.	Психогимнастика: «Әженің аялы алақаны» (эмоционалдык шиеленісті түсіру, баланың ішкі тыныштығын, жайлылығын сақтау).	19.08.2026ж
4	Қошақаным	Төрт түлік мал мен олардың төлдері (қошақан) туралы білімдерін бекіту. Үй жануарларының дыбысталуын («мә-мә») және қимылын музыка фонында еліктеп қайталауға үйрету. Әннің мағынасын түсіндіре отырып, төлдерге деген қамқорлық сезімін ояту. Қоршаған ортаны сүюге, ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу.	Логоритмика және еліктеу терапиясы: «Қошақанның жүрісі» (дыбысты қимылмен ұштастыру, аяқ буындарын бекіту, жалпақтабандылықтың алдын алу).	26.08.2026ж

